

Көктемгі каникул кезінде білім алушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру және қауіпсіздікті сақтау бойынша ұсыныстар

Каникул кезеңі: 21 – 31 наурыз 2025 жыл

Көктемгі каникулды ұйымдастырудың мақсаты – балалардың денсаулығын нығайтуға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, рухани, мәдени және әлеуметтік дамуына ықпал ету, тәрбиелік іс-шараларды «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының негізгі бағыттарын ескере отырып, атап айтқанда Наурыз – «Отаншылдық және тәуелсіздік» айы аясында жоспарлау ұсынылады.

Көктемгі каникул Наурыз мерекесімен тұспа-тұс келгендіктен, отбасылық құндылықтарға, ұлттық салт-дәстүр, мәдениетке назар аудару ұсынылады.

НАУРЫЗНАМА КҮНТІЗБЕСІ

14 наурыз	Көрісу күні	19 наурыз	Жаңару күні
15 наурыз	Қайырымдылық күні	20 наурыз	Ұлттық спорт күні
16 наурыз	Шаңырақ күні	21 наурыз	Ынтымақ күні
17 наурыз	Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні	22 наурыз	Жыл басы
18 наурыз	Ұлттық киім күні	23 наурыз	Тазару күні

ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР:

1. Іс-шаралар жоспарын әзірлеу

Әрбір білім беру ұйымы:

- көктемгі каникул кезеңіне арналған жалпы мектептің іс-шаралар жоспарын бекіту;

- көктемгі демалыс циклограммасын әзірлеп, оны түрлі демалыс түрлерімен толықтыру ұсынылады.

Келесі ұйымдастыру қағидаттарына назар аударған жөн:

1. Қауіпсіздік және жайлылық – білім алушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне ерекше назар аудару;

2. Құндылықтарға негізделу – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды насихаттау;

3. Қатысу және ынтымақтастық – ата-аналар мен қоғамдастықты белсенді тарту.

Көктемгі демалысты тиімді әрі қызықты өткізу үшін әртүрлі танымдық, спорттық, шығармашылық және тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастыруға болады.

1. Зияткерлік және шығармашылық даму

Шеберлік сабақтары – сурет салу, қолөнер, поэзия кештері.

«Өнерлі өрге жүзер». Оқушылардың қолынан шыққан бұйымдар көрмесін ұйымдастыру «Шабыт» жобасы аясында.

Жас ғалымдар күні – танымдық сайыстар, эксперименттер, STEAM жобалар.

Кітап оқу марафоны – білім алушыларды қызықтыратын кітаптарды оқуға ынталандыру (мектеп кітапханаларында, бұқаралық кітапханаларда, онлайн форматта).

Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай ұсынылатын кітаптар тізімі

1-4 сыныптар үшін	Балаларға арналған ертегілер
	Ы.Алтынсарин «Қара-батыр», «Қара қылпаш», «Алтын емен», «Жәнібек батыр» ертегілері
	Мұқанов С. «Жас қойшы»
	«Адам денесі» Балалар энциклопедиясы
	Баум Л.Ф. «Сүйкімді қыз бен сиқыршы шал»
5-9 сыныптар үшін	Абай Құнанбайұлының шығармалары
	Әуезов М. «Көксерек»
	Томас Армстронг «Ты можешь больше, чем ты думаешь»
	Сэлинджер Д. «Жар жағалаған жалғыз»
	Саган К. «Космос»
10-11 сыныптар үшін	Әуезов М. «Абай жолы»
	Шонбай Қуаныш «Екінші болма»
	Мағауин М. «Бір атаның балалары»
	Жолдыбайұлы Қ. «Кемел адам»
	Нұршайықов Ә. «Махаббат қызық мол жылдар»

2. Рухани-адамгершілік тәрбие

«Ізгілік керуені» – қарттар үйіне, балалар үйіне көмек көрсету.

«Қазақтың салт-дәстүрлері» күні – ұлттық ойындар, қолөнер көрмелері.

Тұлғалық даму тренингтері – өзін-өзі тану, өмірлік дағдыларды дамыту.

Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай қойылымдарға және киноға бару.

2025 жылғы наурызда көрсетілетін балаларға ұсынылатын көркем және анимациялық фильмдердің тізімі:

№	Атауы	Жанры	Жас шектеулері
1	«Жошы хан»	деректі	14+
2	«Болмаған балалық шақ»	көркем	14+
3	«Шоқан. Қашғарияға сапар»	анимациялық	8+
4	«Менің атым Қожа»	көркем	6+

3. Экологиялық тәрбие

«Эко-челлендж» – қайта өңдеуге арналған квесттер, эко-дәрістер.

Экосаяхаттар – ұлттық парктерге, табиғат аясында серуендер.

4. Салауатты өмір салтын қалыптастыру

«Спорт – өмір салты» – футбол, волейбол, шахмат турнирлері.

Ұлттық ойындар.

«Дұрыс тамақтану» дәрістері – тамақтану мәдениеті туралы тренингтер.

5. Медиа және цифрлық сауаттылық

«Ақпараттық қауіпсіздік» – онлайн қауіпсіздік бойынша тренингтер.

«Жас журналист» жобасы – демалыс туралы видеоблогтар, мақалалар жазу.

«IT-әлем» – бағдарламалау, робототехника үйірмелері.

4. Ата-аналармен ынтымақтастық

«Отбасылық демалыс» челленджі – ата-аналар мен балаларға арналған бірлескен іс-шаралар.

Психологиялық тренингтер – отбасындағы қарым-қатынасты нығайтуға арналған семинарлар.

«Бала тәрбиесі – ортақ міндет». Ата-ана сағаты - «Саналы ата-ана» жобасы.

5. Қорытындылау және кері байланыс

Фотосуреттер көрмесі, видеорепортаждар – білім алушылардың тәжірибесін көрсету.

Рефлексиялық сессиялар – білім алушылар және ата-аналар арасында пікірталастар өткізу.

Сертификаттар, марапаттау – белсенді қатысушыларды мадақтау.

** Өткізілген іс-шараларды білім беру ұйымының әлеуметтік желілеріне #nauryznata2025 хэштегімен салу қажет*